

Тобы	Кіші «Балдырған» топқа арналған перспективалық жоспар									
Оқу жылы мен айы	НАУРЫЗ // 2021-2022									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	<i>Денсаулық</i>	<i>3</i>	<i>Қатынас</i>	<i>1</i>	<i>Таным</i>	<i>2</i>	<i>Шығармашылық</i>	<i>3</i>	<i>Әлеумет</i>	-
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	0,5	Сенсорика	0,5	Музыка	1,5		-
			Көркем әдебиет	0,5	Құрастыру	0,5	Сурет салу	1		-
					Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,25		-
							Мүсіндеу	0,25		-
Көктем жаршысы - құстар / Птицы - вестники весны / Birds of spring // (1-апта)										
Мақсаты. Балалардың көктем мезгілі, күннің жылынып, құстардың келуі туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; аналар мерекесіне деген қызығушылықтар, қуаныш сезімін танытуға үйрету.										
Оқу қызметінің түрі,	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Көңілді құстар".		Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Аю, түр! Ояншы!".		Сенсорика. Тақырыбы: "Қуыршақ Дананың киімі".		Музыка. Тақырыбы: "Көңілді торғай".			

тақырыбы, мақсаты.	Мақсаты: балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге жаттықтыру; жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай отырып, гимнастикалық орындықтан секіре білуге үйрету; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру.	Мақсаты: балаларды "Аю, тұр, ояншы!" тақпағын, педагогтің үлгісіне еріп, мәнерлеп айтуға үйрету; аюдың көктемгі тіршілігі туралы түсінік беру; балаларды тақпақ жаттату барысында байланыстыра сөйлеуге үйрету; балалардың эмоциялары мен түйсіктеріне жағымды ықпал ету.	Мақсаты: балаларды заттардың сенсорикалық сипаттарын, түсі мен көлемін, пішінін салыстыра және ажырата алу қабілеттеріне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеті мен сапасы туралы білімдерін әртүрлі іс-әрекеттерде қолдануға дағдыландыру.	Мақсаты: балаларды музыканың әртүрлі қарқыны мен ырғағын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылдарды музыка сипатына сай үйлесімді жасау қабілетін дамыту; эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Аулаға құстар ұшып келді". Мақсаты: балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүруде дене тепе-теңдігін сақтап, еденге қос аяққа секіре білуге дағдыландыру; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Көктем шақырады". Мақсаты: балаларға көктем мезгілі туралы негізгі ұғымдар беру; көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстарын байқап, олардың адам өміріне тигізер ықпалы туралы түсініктерін қалыптастыру; көктем мезгіліне деген	Сурет салу. Тақырыбы: "Әжеге алқа". Мақсаты: балаларды қағаз бетіндегі көлденең доғалы сызықтың сол жақ ұшынан бастап, солға қарай сызыққа тигізіп, асықпай көлемдері бірдей дөңгелектерді салуға үйрету; сызықты көбірек "моншаққа"	

			қызығушылықты ояту және табиғатты қорғауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	толтыруға дағдыландыру; әшекейлердің қыздар тағатын әдемі бұйым екені туралы түсінік беру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Құстар әлемінде". Мақсаты: балалардың гимнастикалық орындықтың үстімен жүріп, еденге қос аяққа секіре білу қабілеттерін жетілдіру; сөздік нұсқамаларды түсініп, жаттығуларды үлгі бойынша орындауға баулу.			Мүсіндеу. Тақырыбы: "Құстарға жем шашайық". Мақсаты: балалардың тұтас кесектен ұсақ бөліктерді үзу, жұлу дағдыларын қалыптастыру; ұсақ бөліктерді екі алақан арасында айналдыру тәсілін жетілдіру; жасалған мүсіндерді "құстарға жем" деп айтуға үйрету; қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.	
Жылғалардан су ақты / Бегут талые воды / Spring // (2-апта)					
Мақсаты. Балаларды қардың ерігенін бақылауға қызықтыру; жылғалардан сулардың аққанын байқап, ерекше сезімдерге бөленуге баулу.					

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бұлақ көрсен, көзін аш". Мақсаты: балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеп өтуге үйрету; қол, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Қоянның үйшігі". Мақсаты: балаларды "Қоянның үйшігі" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауап беруге талпындыру; шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің мінездері мен әрекеттері желісін бақылату; адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Қонжыққа төсек". Мақсаты: балаларды үш кірпіштен төсек құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде ұғымдарын толықтыра отырып, олардың қасиетін іс-тәжірибеде тексеруге жаттықтыру; құрылыс нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға машықтау; аңдар тіршілігіне деген әуестенушілігін ояту; оқу қызметінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Таза бұлақ". Мақсаты: балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, дұрыс айта білуге үйрету; би ырғақтарын музыка әуеніне сай сай жасау қабілетін қалыптастыру; топпен жұмыс жасау дағдыларына тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Құстармен шалшықтан аттаймыз". Мақсаты: балалардың тепе-теңдікті сақтай отырып,		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Бұлақ". Мақсаты: балаларды табиғат құбылысын бақылау негіздеріне үйрету; аққан бұлақтың	Музыка. Тақырыбы: "Бұлақ сылдыры". Мақсаты: балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып,	

	гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеп өте білу қабілеттерін пысықтау; зеректікке, ептілікке баулу.		қозғалу ерекшеліктерін байқап, еріген қардан пайда болатын су туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың жағымды эмоцияларға бөленулеріне жағдай жасау; эстетикалық талғам негіздерін қалау.	эмоционалды жауап беруге ынталандыру; би ырғақтарын музыка әуеніне сай жасауға дағдыландару.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бал бұлақ". Мақсаты: балаларда гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін дамыта отырып, оқу қызметін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; жаттығу кезінде епті болуға тәрбиелеу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Бұлақтар". Мақсаты: балаларды қағаз бетін солдан оңға қарай иректерге, "бұлақтарға" толтыруға үйрету; қылқаламды бояуға малып, сол жақтағы нүктелердің біріне қойып, ұшымен иректеп, оң жақ шетке жеткізуге дағдыландыру; қардың көктемде еру қасиеті туралы түсініктер беру	

Салт-дәстүрлер және фольклор / Казахские народные традиции и обряды / Kazakh folk traditions and rituals // (3-апта)

Мақсаты. Балаларды Наурыз мерекесімен таныстыру; халықтың Наурызды тойлау ерекшеліктеріне қызығушылықтарды танытуға үйрету.

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Арқан тарту". Мақсаты: балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүруге үйрету; тепе-теңдікті сақтауға баулу.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Қуыршақ Дананы Наурыз мерекесінің дастарқанына шақырайық". Мақсаты: балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; күнделікті тұрмыста қолданылатын ыдыстар түрлерімен таныстыру және атауларын үйрету; дастарқан мәзірінің маңызы туралы ұғым бере отырып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.	Сенсорика. Тақырыбы: "Әдемі кілем". Мақсаты: балаларды салт-дәстүр ерекшеліктерімен таныстыра отырып, оқу қызметінде орындалатын біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары мен көлеміне және түсіне сәйкестендіру қабілеттеріне үйрету; геометриялық денелер мен пішіндердің ортақ қасиеттерін байқап, атауға дағдыландыру.	Музыка. Тақырыбы: "Наурыз – жыл басы". Мақсаты: балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын түсіне білуге үйрету; салт-дәстүрлік әннің айтылу ерекшелігін дұрыс қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; салт-дәстүрге құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қазақтың ұлттық ойыны". Мақсаты: балаларды		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Шәйнек". Мақсаты: балаларды үй шаруашылығында	Сурет салу. Тақырыбы: "Бауырсақтар". Мақсаты: балаларды	

	еденге қойылған арқан бойымен түзу жүруге жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, зерек, иілгіш болуға ынталандыру.		қолданылатын затты бақылай білуге үйрету; шәйнектің құрылымы мен адамға тигізер пайдасы туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; адамның тіршілік ерекшелігіне қызығушылықты қалыптастыру; ұқыптылық тәрбиелеу.	дөңгелек қағаз бетін "табақты", үлкен домалақ "бауырсақтарға" толтыруға үйрету; бормен қалдырып жатқан іздердің бағытын бақылап отыруға дағдыландыру; Наурыз мерекесіне дастарқан жаю рәсімімен таныстыру; мәдени-адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Түзу арқан". Мақсаты: балалардың едендегі арқан бойымен түзу жүре білу қабілеттерін жетілдіру; ойындарға белсенді қатысуға, шымыр, шапшаң болуға баулу.			Жапсыру. Тақырыбы: "Алаша". Мақсаты: балаларды көлденең жатқан қағаздың үстіне солдан оңға қарай жіңішке таяқшаларды бірі-бірінен белгілі қашықтықта орналастырып, бір-бірлеп жапсырып, безендіруге үйрету; декоративтік	

				шығармашылық қабілет негіздерін салу қалыптастыру.	
Өнер көзі - халықта / Народ - источник искусства / Arts // (4-апта)					
Мақсаты. Қазақ халқының Наурыз мерекесін тойлау дәстүрлеріне балалардың көңілін аудару, қуаныш сезіміне бөленуге тәрбиелеу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Спорт – өнер". Мақсаты: балаларды гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп келе жатып, педагогтің көмегімен биіктен екі аяққа секіруге үйрету; қол, аяқ үйлесімділігі мен қауіпсіздік ережесін сақтай білуге дағдыландыру.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңі". Мақсаты: балаларды М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету; шығарма желісін бақылап, көркем сөздер мен қимылдарды белгілі ырғақпен жатқа және ересек адамның соңынан қайталап айтуға жаттықтыру; халық ауыз әдебиетінің нысаны бесік жырына қызығушылықтарын	Құрастыру. Тақырыбы: "Диван". Мақсаты: балаларды екі кірпіштен диван жасауға үйрету; текшелерді жатқан кірпіштің екі жағына қосуға дағдыландыру; өз іс-әрекетін қолайлы белгілі сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге дағдыландыру; адамның тұрмыс- тіршілігіне деген құрметке тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: "Нағыз қазақ - домбыра". Мақсаты: балаларды киелі домбырамен таныстыра отырып, күйді тыңдауда сипатын ажырата білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу.	

		ояту.			
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Спорт әлемінде". Мақсаты: балаларды гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп, педагогтің көмегімен биіктен екі аяққа секіруге дағдыландыру; жаттығуларда епті, шымыр болуға, қауіпсіздік ережесін сақтай білуге баулу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Асатаяқ". Мақсаты: балаларды асатаяқ құрылымын бақылауға және педагогтың сұрақтарына жауап беруге үйрету; асатаяқтың аспап ретіндегі ерекшеліктеріне баса көңіл аударуға баулу; қазақ ұлттық аспаптарына деген қызығушылықты ояту, музыкалық талғам негіздерін қалау.	Музыка. Тақырыбы: "Өнерлі баламыз". Мақсаты: балаларды домбырада орындалған күйлерді тыңдауға ынталандыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Спорт". Мақсаты: балалардың гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп, биіктен екі аяққа секіре білу қабілеттерін жетілдіру;			Сурет салу. Тақырыбы: "Сүлгіні безендірейік". Мақсаты: балаларды қағаз бетіндегі шаршы пішінін бақылап, саусақты бояуға малып, "сүлгіні" безендіруге	

	ойындарда епті, шымыр, шапшаң болу қабілеттеріне сүйенуге ынталандару.			жаттықтыру; сүлгінің қол мен беттің және дененің таза болуы үшін қолданылатыны туралы түсініктерді пысықтау; бақылағыштық қабілетін дамыту.	
--	---	--	--	--	--